

Қазақстан Республикасына бекітіліп берілген квотаға сәйкес Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығындағы лауазымға кандидатураны бекітуге ұсыныс туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 7 ақпандағы № 43 қаулысы

"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Хатшылығының лауазымды тұлғаларын ротациялау туралы" Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің 2016 жылғы 14 қазандағы шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қазақстан Республикасына бекітіліп берілген квотаға сәйкес Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Хатшылығының Қауіп-қатерлерге қарсы әрекет басқармасының бастығы лауазымына Мұрат Жанқуатұлы Қонақбаевтың кандидатурасын бекітуге ұсыну туралы ұсынысы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев